

"Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 мамыр N 591.

Мұнай-газ саласының жұмысын жүйелеу және магистральдық құбыр желілерін басқарудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оның жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2.

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.25. N 1051 қаулысымен. P021051_

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен (бұдан әрі - Министрлік) бірлесіп 1-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың акцияларының бұдан бұрын берілген мемлекеттік пакеттерін "ҚазТрансойл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" (бұдан әрі - ҰМТК) жабық акционерлік қоғамының мүлкі (активтері) құрамынан шығаруды және осы акциялар пакеттерін беру арқылы Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды;

2) Қоғамның жарғысын бекітуді және оның мемлекеттік тіркелуін;

3) Министрлікпен бірлесіп ҰМТК-ның "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамы болып қайта аталуын және Қоғамның жарғылық капиталына "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамының 100 (жүз) пайыз мөлшерінде акцияларының мемлекеттік пакеті берілуін;

4) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп Қоғамның жарғылық капиталына "Қазтеңізкөлікфлот" ұлттық теңіз кеме компаниясы" жабық акционерлік қоғамының 50 (елу) пайыз мөлшерінде акцияларының мемлекеттік пакетінің берілуін;

5)

б) осы қаулыны іске асыру үшін қажетті өзге де шаралардың қабылдануын

қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақтың 5)тармақшасы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.25. N 1051 қаулысымен.

P021051_

4. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 2 мамырдағы
N 591 қаулысына
1-қосымша

Акцияларының пакеттері "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы мүлкінің (активтерінің) құрамынан шығарылатын және "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілетін акционерлік қоғамдардың

Тізбесі

1. "Ақтөбемұнайбайланыс" ААҚ (90 %);
2. "Байланыс" ААҚ (3,5 %);
3. "Мұнай-Импэкс" ЖАҚ (99 %);
4. "ҚазТрансГаз" ЖАҚ (100 %);
5. "ҚазТрансБайланыс" (90 %);
6. "Атырау халықаралық әуежайы" ААҚ (100 %);
7. "Еуро-Азия Эйр" тікұшақ авиакомпаниясы" ААҚ (100 %).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 2 мамырдағы
N 591 қаулысына
2-қосымша

"Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы"

жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, төраға;

Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы - Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Кеңесі Заң бөлімінің меңгерушісі;

Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі;

Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы;

Құлыбаев Тимур Асқарұлы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 2 мамырдағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Құбыр желісі көлігін дамыту мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1176 P971176_ қаулысында:

1-тармақтағы ", сондай-ақ барлық жаңа халықаралық құбыр желісі жобаларында" деген сөздер алынып тасталсын.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 100-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"100 "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" ЖАҚ";

"Ақтөбе облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 125-жол алынып тасталсын;

"Атырау облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 139, 141-жолдар алынып тасталсын;

"Павлодар облысы" деген бөлімде реттік нөмірі 261-жол алынып тасталсын.

3. "Құбыр желісі көлігін дамыту жөніндегі жекелеген мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 513 P990513_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 16, 166-құжат):

1-тармақ алынып тасталсын.

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"17 "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" ЖАҚ".

5. "Кейбір акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 қыркүйектегі N 1400 P991400_ қаулысында:

2-тармақ алынып тасталсын.

6. "Мұнайгаз секторының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қаңтардағы N 113 P000113_ қаулысында:

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары алынып тасталсын.

7. "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы N 173 P000173_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 68-құжат):

2-тармақтың 3) және 4) тармақшалары алынып тасталсын;

3-тармақ алынып тасталсын.

8. "Евро-Азия Эйр" тікұшақ авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы

акцияларының мемлекеттік пакетін "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания" жабық акционерлік қоғамына беру туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 785

P000785_

қаулысында:

1-тармақ алынып тасталсын.

9. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы

N 1587

P001587_

қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N

43, 513-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" ЖАҚ (Алматы қаласы) 100%";

реттік нөмірі 5-жолдағы "100%" деген сан "50%" деген санмен ауыстырылсын.

10. "Азаматтық авиация қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 қарашадағы N 1659

P001659_

қаулысында:

1-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК